

2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 2 ақпандағы № 13 қаулысы. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 28 ақпанда № 4696 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 54 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 15.02.2018 № 54 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарын басшылыққа алып, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес 2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері бекітілсін.

2. Шыңғырлау ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 18 ақпандағы № 21 "2016 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4297 болып тіркелген, 2016 жылғы 4 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Шыңғырлау ауданы әкімі аппаратының персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) және мемлекеттік-құқықтық жұмыстар бөлімі басшысы (А. Нурушев) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.Е.Каюповқа жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2017 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының әкімшілік - аумақтық орналасуы	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдары	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны	Ай сайын 1 тәрбиеленушіге мемлекеттік білім беру тапсырысы (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдарда қаржыландырудың жан басына шаққанда бір айдағы мөлшері (теңге)	Мектепке дейінгі ұйымдар ата-ананың 1 айдағы ақы төлеу мөлшері (теңге)	
						3 жасқа дейін (көп емес)	3 жастан 7 жасқа дейін теңге (көп емес)
Бөбекжай (жергілікті бюджет)							
1	Шыңғырлау ауылы	Шыңғырлау ауданы білім бөлімінің "Айгөлек бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	52	28329	28329	5500	6500
2	Тасмола ауылы	Шыңғырлау ауданы білім бөлімінің "Балауса бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	40	28998	28998	5500	6500
3	Белогор ауылы	Шыңғырлау ауданы білім бөлімінің "Қарлығаш бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	25	41866	41866	5500	6500

4	Шыңғырлау ауылы	Шыңғырлау ауданы білім бөлімінің "Бөбек бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	60	26920	26920	5500	6500
5	Лубен ауылы	Шыңғырлау ауданы әкімдігінің білім беру бөлімінің "Арай" бөбекжайы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	40	26287	26287	5500	6500
6	Шыңғырлау ауылы	Шыңғырлау ауданы білім бөлімінің " Қызғалдақ бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	40	35888	35888	5500	6500
7	Шыңғырлау ауылы	Шыңғырлау ауданы білім бөлімінің " Балдырған бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	25	49223	49223	5500	6500
Бөбекжай (республикалық бюджет)							
8	Шыңғырлау ауылы	Шыңғырлау ауданы әкімдігі білім беру бөлімінің " Болашақ бөбекжайы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	290	19261	19261	5500	6500
Балабақша (жергілікті бюджет)							
		Батыс Қазақстан облыстық білім басқармасының " Шыңғырлау аудандық Шұғыла"					

9	Шыңғырлау ауылы	балалар бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны	42	36340	36340	5500	6500
---	--------------------	---	----	-------	-------	------	------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК